

2 –Теориялық материал

КӘСІПОРЫННЫҢ НЕГІЗГІ КАПИТАЛЫ НЕГІЗГІ КАПИТАЛДЫ БАҒАЛАУ

Өнеркәсіп негізгі капиталына өндіріс процесінде ұзақ уақыт бойы пайдаланылатын өндіріс құрал-жабдықтары жатады. Олар өз құнын жасалған өнімге өзінің тозуына қарай бірте-бірте бөлшектеп енгізеді, негізгі капитал пайдалану процесінде табиғи және моральдық тозуға ұшырайды.

Негізгі капитал өндіріс процессіне тағайындалу сипаты бойынша келесі топтарға бөлінеді: өндірістік және өндірістік емес негізгі капитал. Өндірістік капитал өнім өндіру немесе қызмет көрсету процессіне тікелей қатысады. Мысалы, жұмыс машиналары, станоктар, аспаптар. Өндірістік емес негізгі капитал өнім өндіруге жанама түрде қатысып, кәсіпорын қызметіне қолайлы жағдайлар тудырады. Оларға мыналар жатады: кәсіпорын медициналық қызмет орны, клуб, демалыс үйлері, балабақша және т.б.

Негізгі капиталды бағалау

Негізгі капиталдың алғашқы (баланстық) құны:

$$C_{\text{бал}} = C_{\text{спр}} + C_{\text{д}} + C_{\text{м}} \quad (1)$$

мұнда $C_{\text{спр}}$ – жаңа капиталды иемдену құны, тг;

$C_{\text{д}}$ – жеткізу шығыны, тг;

$C_{\text{м}}$ – монтаж шығыны, тг.

Қалпына келтіру құны:

$$C_{\text{в}} = C_{\text{бал}} \times K_{\text{пр}} \quad (2)$$

мұнда $C_{\text{бал}}$ – негізгі капиталдың баланстық құны;

$K_{\text{пр}}$ – негізгі капитал құнын іс жүзіндегі бағаға келтіру коэффициенті.

Қалдық құны:

$$C_{\text{ост}} = C_{\text{бал}} - C_{\text{изн}} \quad (3)$$

мұнда $C_{\text{изн}}$ – негізгі капиталдың тозу құны.

Негізгі капиталдың тозуы табиғи және моральдық болып бөлінеді. Негізгі капиталдың табиғи тозуы мына формуламен анықталады:

$$C_{\text{изн}} = A_0 \times T_3 \quad (4)$$

мұнда A_0 – амортизациялық жарнаның жылдық сомасы, тенге;

T_3 – негізгі капиталдың қызмет ету мерзімі, жыл.

Негізгі капиталдың амортизациясы. Бүгінгі күнде амортизацияны есептеудің барлық әдістемелерінің арасында ең кең қолданылатыны

сызықтық түрі. Сызықтық амортизация – жыл сайын өнімнің өзіндік құнынан бірдей амортизациялық жарнаның алынуы.

$$A_o = \frac{C_{бал} H_a}{100} \quad (5)$$

мұнда H_a – баланстық құннан % бойынша амортизацияның жылдық толық қалпына келтіру нормасы

$$H_a = \frac{C_{бал} - C_{ликв}}{T_э C_{бал}} \times 100 \quad (6)$$

мұнда $C_{ликв}$ – негізгі капиталдың жойылу құны, тенге;
 $T_э$ – экономикалық негізделген қызмет мерзімі, жыл.